



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ



INTERNATIONAL UNIVERSITY
OF TOURISM AND HOSPITALITY



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ

«ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНДА ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ»
«ТУРИЗМ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТОБЫ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСЫ

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ҮШ ЖЫЛДЫҚ ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ ӨТУ: ТӘЖІРИБЕ, МҮМКІНДІКТЕР ЖӘНЕ СЫН-ҚАТЕРЛЕР

Шалабаева Лаура Исмаилбекқызы
Академиялық және ғылыми істер
жөніндегі вице-ректор

ТҮРКІСТАН 2025



«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ

Туризм және қонақжайлылық саласындағы Қазақстандағы
алғашқы және **жалғыз** мамандандырылған университет **(2019)**

УНИВЕРСИТЕТ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында құрылған.

Құрылу мақсаты: туристік өнімдер мен қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру (Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары).

Миссия: Қызмет көрсету саласы мен туризм индустриясы үшін Қазақстанның бірегейлігін нақты түсінетін және өз елін әлемдік деңгейде танымал ету мен дамытуға өмірін арнауға дайын кәсіпқой мамандарды даярлау.



«ТУРИЗМ»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

- Халықаралық және ішкі туризм
- Экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру
- Туристік дестинациялар менеджменті
- Спорттық туризм
- Ұйымдастырылған туризмді басқару және экскурсиялық-анимациялық қызмет
- Tourism Guide Service
- Туризм және қонақжайлылық индустриясын ұйымдастыру
- Қонақ үй және мейрамхана бизнесі
- Ивент менеджмент
- Спорттық-сауықтыру фитнесі

Магистратура

- Туризм менеджменті (ғылыми-педагогикалық)
- Туризм менеджменті (бейіндік)



«ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ»



«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ»

MINOR

- Турагенттік және туроператорлық қызмет
- Экскурсиялық қызмет
- Спорттық туризм
- Қонақ үй менеджменті
- Мейрамхана менеджменті
- Ивент менеджменті
- Спорт ойындарының жаттықтырушысы
- Футбол жаттықтырушысы
- Күрес түрлерінің жаттықтырушысы
- Спорт нұсқаушысы

Minor қосымша білім беру бағдарламасы – білім алушыларға қосымша құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында анықталған пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлерінің жиынтығы.

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

Триместр арқылы оқыту келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылды

Білім туралы заң

ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы

ҚР БҒМ 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары

ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

ҚР ҒЖБМ 2024 жылғы 04 қаңтардағы №5 бұйрығы

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы

ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық

ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының 2023 жылғы 04 мамырдағы № 601 бұйрығы

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Кәсіби стандарттары

Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен қызыреттер Атласы

ОҚЫТУ МЕРЗІМІ 3 ЖЫЛ / ТРИМЕСТРЛІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

- ✓ **Оқу процесін триместрлік оқыту жүйесіне ауыстыру негіздемесі**
Университеттерге берілген академиялық дербестікті, ҚР ҒЖЖБМ бұйрықтарына және қазіргі таңдағы туризм саласындағы кадрлар тапшылығын ескере отырып, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Ғылыми кеңес мәжілісінің шешіміне сәйкес оқу мерзімін 3 жылдық жүйеге көшіру туралы шешім шығарылды.
- ✓ Триместрлік оқыту жүйесіне көшу білім беру сапасының жоғары деңгейін сақтауға, студенттердің заманауи талаптарға бейімделуіне және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.
- ✓ Туризм және қонақжайлылық саласында бакалавриат бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау 3 жылда жүзеге асырылады.
- ✓ Академиялық кезең триместр - 10 апталық теориялық оқыту мерзімімен ұйымдастырылады.
- ✓ Білім алушылар бакалавр дипломын 3 жылда алатын болады.

ҮШ ЖЫЛДЫҚ ЖҮЙЕНІ ЕНГІЗУ ТӘЖІРИЕСІ

- ✓ Отандық және халықаралық еңбек нарығының тенденцияларының қарқынды дамуы
- ✓ Туризм саласындағы білім, дағды, құзыреттердің оңтайлы мерзімде берілу мүмкіндігін анықтау
- ✓ Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен және білім алушылармен өзектендіру
- ✓ Құзыреттілікке негізделген оқу нәтижелерін қайта қарау
- ✓ Базалық және бейіндеуші пәндердің мазмұнын ықшамдап, тиімділігін арттыру (пәндерді интеграциялау)
- ✓ Білім беру бағдарламаларын қайта әзірлеу, бекіту
- ✓ Білім беру бағдарламаларын Реестрге енгізу
- ✓ Академиялық күнтізбені триместрлік жүйеге сәйкес қайта әзірлеу
- ✓ Оқытушылар мен білім алушыларға триместр жүйесі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу
- ✓ Заңнамалық және құқықтық нормативтік актілерге сәйкестікті қамтамасыз ету



ТРИМЕСТРЛІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- ✓ Оқу мерзімінің қысқаруы: бакалавр дипломын 3 жылда алу
- ✓ Туризм саласында еңбек нарығын кадрлармен уақытылы қамтамасыз ету
- ✓ Тәжірибеге негізделген сапалы білім беру
- ✓ Құзыреттілікке негізделген оқу жүйесі
- ✓ Тәжірибелік білім мен дағдыларды қалыптастыру
- ✓ Қосымша білім беру бағдарламаларын игеру (Minor)
- ✓ Оқу үдерісін мониторингілеу икемділігі
- ✓ Заманауи трендтер мен еңбек нарығы талаптарына жылдам бейімделу
- ✓ Бюджеттік қаражатты үнемдеу

ҮШ ЖЫЛДЫҚ ЖҮЙЕНІҢ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ

- ✓ Оқу жүктемесінің артуы
- ✓ Қысқа мерзім ішінде үлкен көлемдегі білім мен дағдыны меңгеру
- ✓ Жаңа жүйеге оқытушылар мен білім алушылардың бейімделу мәселесі
- ✓ Жаңа әдістер мен ресурстарды дайындау үшін уақыт пен біліктілік қажеттілігі
- ✓ Жаңа жүйеге сай білім беру бағдарламаларын қайта қарастыру
- ✓ Академиялық ұтқырлық, бірлескен және қосдипломдық білім беру бағдарламаларын іске асыруда жоғарғы оқу орындары талаптарына сәйкессіздік (семестр/триместр)



ТОП-МЕНЕДЖЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ТАРТУ

2024-2025 оқу жылынан бастап білім беру процесінде адъюнкт-профессор лауазымы енгізіліп, қызмет көрсету саласында кәсіби қызмет атқаратын **15** топ-менеджерлер белсенді тартылды.



ОҚЫТУДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ КӨШІРУ

- ✓ 2024-2025 оқу жылынан бастап келесі негізгі **екі** білім беру бағдарламасы ағылшын тіліне көшірілді:
 1. International and Domestic Tourism
 2. Hotel and Restaurant Business
- ✓ Сонымен қатар, 7 көптілді топ жасақталды.



ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

2024 жылдың мамыр айында университетте цифрлық білім беру ресурстарын жасау үшін студия ашылды. Қосымша және виртуалды шындық технологиялары бар мультимедиялық кешен жоғары сапалы видеолекциялар жазуға арналған.

2024 жылдың қыркүйек айынан бастап бұл ресурстар оқу процесінде белсенді түрде қолданылуда.



КӘСІБИ СТАНДАРТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ

Университет 2024–2026 жылдар аралығында **Қазақстан Республикасының туризм және қонақжайлылық саласындағы кәсіби стандарттарын (КС)** әзірлеу және жаңарту жұмыстарын белсенді түрде жүргізуде.

2024 жылы:

- **6 жаңа кәсіби стандарт** әзірленді;
- **33 қолданыстағы кәсіби стандарт** өзектендірілді;
- **2 салалық біліктілік шеңбері (СБШ)** жасалды.
 - Жаңа және өзектендірілген кәсіби стандарттар enbek.kz платформасына жүктелді.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

2020–2021 оқу жылынан бастап «Халықаралық туризм және меймандостық университетінің» студенттері кәсіби тәжірибені шетелде өтуде. 2021 жылдан бері **шетелдік өндірістік тәжірибе бағдарламасы** аясында **барлығы 58 студент** қатысты:

•**2021 жылы** – 29 студент (ABU TELP бағдарламасы, Түркия);

•**2022 жылы** – 7 студент (ABU TELP бағдарламасы, Түркия);

•**2024 жылы** – 22 студент (*Kemer Holiday Club* қонақ үйі, Түркия).

2025 жылға Антальядағы Kemer Holiday Club қонақ үйіне 30-ға жуық студентті жіберу жоспарлануда.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

Түркия

✓ Antalya Bilim Университеті – 2 студент

✓ Pamukkale Университеті – 2 студент

Тайланд

✓ Принц Сонгкла Университеті – 6 студент

Оңтүстік Корея

✓ Woosong Университеті, – 2 студент



ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

- ✓ ҚР ҒжЖБМ Ғылыми комитеті тарапынан **5 ғылыми жобаның** 2024-2026 жылдарға қаржыландыру сомасы **360 млн.тг.**
- ✓ 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін **коммерцияландырудың** неғұрлым перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыру сомасы **350 млн.тг.**
- ✓ 2025-2027 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсына Университетіміздің **450 млн тг.** көлеміндегі ғылыми техникалық тапсырмасы қабылданды

ТӘЖІРИБЕГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ: ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Теориялық материалды сапалы меңгеру мақсатында тәжірибе туризм саласындағы мекемелердің, қонақ үйлердің, туристік фирмалардың, мұражайлардың, әуежай мен мейрамханалардың базасында ұйымдастырылады. Осы модель аясында **дуальді оқыту жүйесі жүзеге асырылуда** (60% – кәсіпорында, 40% – жоғары оқу орнында).

2024–2025 оқу жылында 3 және 4 курс студенттерінің (1012-нің ішінен 750 студент) дайындығы дуальді форматта жүргізілуде, бұл теория мен практиканы өндіріс орнында ұштастыруға мүмкіндік береді.



Университет туризм саласындағы халықаралық стандарттарға сай құзыреттерді қалыптастыру мақсатында **90 салалық ұйыммен дуальді оқыту жөнінде келісімшарттар** жасасты. Бұл келісімшарттар білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын нығайтуға айтарлықтай ықпал етті.



«Rixos» қонақ үйлер желісі, «Hilton» желісі, St. Regis Astana Hotel 5*, The Ritz-Carlton, Astana, Sheraton Astana Hotel 5*, CP Hotel Atyrau, Renaissance Atyrau, Radisson Astana Hotel 5*, Grand Aiser Hotel 4*, сондай-ақ туристік компаниялар - Alibaba Tour, BR Travel және Happy Travel.





ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- ✓ Оқу уақытының 40-60%-ы өндірістік тәжірибеге арналады.
- ✓ Білім алушылар оқу барысында нақты кәсіпорындарда жұмыс істеп, өндірістік дағдыларды меңгереді;
- ✓ Кәсіпорындар білікті мамандарды даярлау үдерісіне тікелей қатысады;
- ✓ Оқу барысында студенттердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері артады.

УНИВЕРСИТЕТ ТӘЖІРИБЕСІ

- ✓ Жетекші қонақүйлермен, мейрамханалармен, туристік агенттіктермен ынтымақтастық.
- ✓ Үшінші курстан бастап өндірістік практика мен тағылымдамалар.
- ✓ Студенттер тәжірибелі мамандардың басшылығымен жұмыс істейтін тәлімгерлік бағдарламалары.
- ✓ Бизнестің нақты жағдайларын қамтитын тәжірибеге бағытталған пәндер.



Перспективалары

Табысты нәтижелерге қарамастан, дуальды жүйе одан әрі дамуды қажет етеді. Бұл бағыттағы маңызды қадамдар:

- Жұмыс берушілер арасындағы серіктестер тізімін кеңейту.
- Дуальды білім берудің нормативтік базасын жетілдіру.
- Тәжірибе барысында студенттерді қолдау бағдарламаларын дамыту.
- Тәжірибе алмасу үшін халықаралық ынтымақтастықты күшейту.



Сәтті жоба

Жетекші қонақ үй желілерімен ынтымақтастық аясында біздің студенттер нақты жағдайда тәжірибеден өтіп, олар тек ресепшнде жұмыс істеп қана қоймай, қонақ үй бизнесінің түрлі деңгейлерін түсініп, басқару процесіне де қатыса алады. Оқу қорытындысы бойынша олардың көпшілігі жұмысқа орналасу туралы ұсыныс алады.



ҚОРЫТЫНДЫ

Үш жылдық оқу жүйесіне көшу – қазіргі заманғы білім беру трендтеріне және еңбек нарығының сұраныстарына бейімделудің нақты қадамы.

Бұл модель білім алушылардың оқу процесін жеделдетіп қана қоймай, оларды ертерек кәсіби ортаға шығару арқылы практикалық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Триместрлік жүйенің енгізілуі білім беру мазмұны мен ұйымдастыру тәсілдеріне жаңаша серпін беріп, академиялық икемділікті арттырады.



Алайда, бұл жүйені сәтті енгізу үшін:

- Білім беру бағдарламаларын оңтайландыру
- Оқу үдерісін икемді жоспарлауды қамтамасыз ету (академиялық күнтізбенің икемділігі)
- материалдық-техникалық базаны күшейту
- оқытушылар құрамын әдістемелік тұрғыда даярлау
- сапаны қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін қолдану қажет.

Туризм саласындағы білім беру бағдарламаларын үш жылдық форматқа көшіру – бәсекеге қабілетті, икемді және еңбек нарығына тез бейімделетін мамандарды даярлаудың өзекті бағыты болып табылады.

Бұл реформа Қазақстанның жоғары білім жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатуға және түлектердің жаһандық ортада еркін әрекет етуіне жол ашады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

